«Алматы қаласы музейлер бірлестігі» КМҚК

«Бекетімін»
«Алматы қаласы
музейлер бірлестігі»
КМҚК директоры
Сағындыкова Л.Қ.
_____
«___» _____ 2025 ж.

ҚОР САТЫП АЛУ КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫНЫҢ
№ 3 ХАТТАМАСЫ

26 желтоқсан 2025 ж.

Комиссия төрағасы: Р.Қайратұлы – директордың ғылым жөніндегі орынбасары;
Комиссия мүшелері:

- **Р.О. Турсумбекова** – бас қор сақтаушы;
- **Л.У.Абекова –** қор сақтау және есепке алу бөлімінің жетекшісі;
- **К.Б.Джиеналиева -** Алматы музейінің жетекшісі;
- **А.С.Хожамуратова** – көрме және бұқаралық жұмыс бөлімінің жетекшісі;
- **М.М.Нурпеисов** – ғылыми-зерттеу бөлімінің аға ғылыми қызметкері;
- **Н.Ж.Бектұрсынов –** қор сақтау және есепке алу бөлімінің реставраторы;

Комиссия хатшысы - Э.К. Онайбекова – Алматы музейінің қор сақтаушысы.

Күн тәртібі:

«Алматы қаласы музейлер бірлестігі» КМҚК қор коллекцияларын толықтыру мақсатында сатып алынуға ұсынылған заттарды бағалау.

Р.О. Турсумбекова - Бүгінгі отырысымызда ақылы негізде тапсырылып отырған «Райымбек батыр» музей кешенінің алдағы жылы ашылуына байланысты қор коллекциясын толықтыру мақсатында алынатын материалдарды саралап, мәдени, экспозициялық құндылығын зерделей отырып, бағасын талқылауға саламыз. Өткізілген заттарға рәсімделген сараптау комиссиясының қорытындысы мен арнайы компания ұсынған бағалау құнын қарап, ондағы заттардың сипаттамасы және жалпы жай-күйімен танысып отырыңыздар. Аталған заттарды мұқият қарап, өз пікірлеріңізді ортаға салуларыңыз сұралады.

І.ТЫҢДАЛДЫ:

Р.О. Турсумбекова – Сіздердің назарларыңызға музейлік заттарды ЖК «OF GALLERY» ұсынып отырған заттары үшін келесі соманы сұрап отыр:

№	Бұйымның атауы	Саны (с.б.)	Сомасы (теңге)
1.	**Ер-тұрман жиынтығы (ер, тоқым, жүген, тартпа, құйысқан)**	5	5 400 000

Барлығы: 1 атаулы бұйым (5 сақтау бірлігі) жалпы сомасы **5 400 000 (бес миллион төрт жүз мың) теңгені** құрайды.

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Р.Қайратұлы: Райымбек батыр мавзолейі жалпыұлттық маңызы бар нысан болып табылатыны және Қазақстанның киелі орындары картасына енгізілгендігі бәрімізге мәлім. Жыл соңына дейін «Райымбек батыр» музей кешені ғимаратының құрылысы және абаттандыру бойынша негізгі жұмыстары аяқталады. Құрылыс-монтаж жұмыстары аяқталғаннан кейін кешенді музейлендіру және батырдың өмірі мен ерлігі туралы баяндайтын заманауи экспозиция құруды жоспарлап отырмыз. Келесі жылдың қаңтар айынан бастап экспозицияны жасақтауға кірісуіміз қажет. Сондықтан музей кешенінің қор коллекциясын толықтыру мақсатында жоғарыда ұсынылып отырған материалдарды қарап, тиісті және шынайы бағасын беру керек. Менің ойымша ұсынылып отырған бұйымдар құнды, бірегей, қазіргі таңда осындай заттарды табу өте қиынға соғады.

Ер-тоқымды көне заман көшпелілерінің дамытқан өнер туындысының бірі деуге болады. Өйткені көшпелі тұрмыс, жорық, шабуыл-ат үстіндегі қимылдың барлығы ер-тұрман жабдықтарын тамаша толықтырған. Бізге таныстырылып отырған ер-тоқым жиынтығы ер үзеңгісімен, тоқымнан, жүгеннен мен тартпадан және құйысқаннан тұрады. Жиынтық толық деп айтуға болады, өмілдірігі ғана жетіспейді. Ер ағаштан ойылып, түгел терімен қапталып жасалған. Бұйымдардың бәрі өте керемет етіп, тері беттеріне металл үстіне күміс шабу әдісімен оюлап, әшекейленген. Иесінің сұрап отырған бағасын төмендетіп 4,5 млн. сатып алсақ.

Л.Абекова: 18-19 ғ. Жетісу өңіріне тән құранды ердің түрі. Дәл осындай жинақпен өте сирек кездеседі. Тек өмілдірігі ғана жетіспейді дегені болмаса. Ерекше жасалып, ердің басы, жабдықтарындағы пластиналардың бетіндегі ою-өрнектері қаралау техникасымен жүргізіліп, күміспен шапталған. Сақталуы да жақсы екен.

А.С.Хожамуратова: Біздің негізгі мақсатымыз тарихи мұраны сақтау және Қазақстанның ұлы қолбасшысына арналған заманауи музей кеңістігін құру деп санаймын. Комиссия мүшелерінің назарына ұсынылып отырған материал құнды, маңызды деп айта аламын. Ер-тоқым әбзелдерімен. «Райымбек батыр» музей кешенің қорын толықтырары сөзсіз, экспозицияда өз орындарын табады деп ойлаймын. Сіздің ұсынған бағаңызбен келісемін.

М.М.Нұрпеисов: Ұсынылып отырған ат-әбзелі керемет, бірегей туынды, «Райымбек батыр» музей кешені үшін маңызды материал. Жетісу өңіріне тән құранды ер. Өте жақсы сақталған. Бетіне күміспен шапталған пластиналарын тазартып, реставраторларға беріп тазартып алса болады. Иесінің сұрап отырған бағасы жоғары, келісіп, түсіріп алайық.

Н.Ж.Бектұрсынов: Жоғарыда айтылған әріптестерімнің пікірімен мен келісемін, бұйымдардың барлығы көне, ескі, құнды. Ер үзеңгісімен, әбзелдерімен керемет жиынтық болып тұр, экспозицияға осы күйінде орналастырса тіптен керемет болар еді. Бағасына келсек, иесінің сұрап отырған бағалары нарықтағы бағаға шамалас. Қазіргі таңда бұндай ескі заттар өте сирек кездеседі. Тек коллекционерлерден ғана кездестіре аламыз, сондықтан мүмкіндігімізше алып қалуымыз керек.

Р.О. Турсумбекова: Біз музей қорларын толықтыру мақсатында және белгілі бір тақырыптарға байланысты материалдарды сатып алатындықтан, экспозиция құру кезінде музейге маңызы бар, құнды, болашақта ұрпағымызға халқымыздың тарихын аша алатын материалдарды алуға тырысамыз. Аталған материалдар дәл қажет кезінде ұсынылып отыр деген ойдамын.

К.Б.Джиеналиева: Ұсынылып отырған ат-әбзелі нағыз Қазақстанның оңтүстік-шығыс аймағына, яғни Жетісу, Алматы облысстарына тән екен. Ердің басынан тануға болады. Әр өңірдің өзіне тән ерлері бар. Сол бойынша айырмашылықтарын көріе аламыз. Жинақ ретінде жақсы сақталған екен.

Р.О. Турсумбекова: Комиссия мүшелерінің пікірлері бір жерден шығып жатқан секілді. Мен де жоғарыда айтылған әріптестерімнің пікірлерімен келісемін. Керемет,

құнды, бірегей бұйымдар ұсынылып отыр. Бөлінген қаражытымызға қарай ат-әбзелдерінің бағасын жоғарыда аталған бағамен сатып алайық.

Комиссия мүшелері ұсынылып отырған төмендегі заттарды төмендегідей бағамен сатып алуға келісті.

№	Бұйымның атауы	Саны (с.б.)	Сомасы (теңге)
1.	**Ер-тұрман жиынтығы (ер, тоқым, жүген, тартпа, құйысқан,)**	5	4 500 000

Барлығы: 1 атаулы бұйым (5 сақтау бірлігі) жалпы сомасы **4 500 000 (төрт миллион бес жүз мың) теңгені** құрайды.

ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. Комиссия шешімімен көпшілік дауыспен музейлік мәні бар заттардың **Барлығы:** 1 атаулы бұйым (5 сақтау бірлігі) сатып алынып, негізгі қорға қабылдансын.
2. Қорға сатып алуға ұйғарылған заттарға қатысты комиссия мүшелері белгілеген бағалар заттардың иесіне таныстырылсын.

Алматы қаласы музейлер бірлестігінің қор сатып алу комиссиясының № 3 хаттама музейлік маңызы бар сомасы **4 500 000 (төрт миллион бес жүз мың)** теңгеге 1 атаулы (5 сақтау бірлігі) бұйым музей қорына қабылдансын.

Қолдар:

Комиссия төрағасы: Р.Қайратұлы

Комиссия мүшелері: Р.О. Турсумбекова
Л.Л.Абекова
К.Б.Джиеналиева
А.С.Хожамұратова
М.М.Нурпеисов
Н.Ж.Бектұрсынов

Хатшы: Э.К. Онайбекова